Бизнеске қойылатын талап 82%-ы маңызын жоғалтқан

Тексеру санының ресми түрде қысқаруы бизнестің жұмысын жеңілдетпейді. Кәсіпкерлерді бұрынғыша түрлі талапты сақтауға тексеріп, қанау әлі де жалғасып келеді. Бүгінгі күні елде бақылау-қадағалау құзыры бар 61 мекеме бар. Олар әр түрлі сала бойынша 512 бақылау қызметін атқарады.

фото: inform.kz

Басқаша айтқанда, 61 құрылым кәсіпкерді заңды және тұрақты түрде тексере алады, яғни олар қазір тексеріп те жатыр. Кәсіпкерлердің «Атамекен» ұлттық палатасы басқарамасы төрағасының орынбасары Рустам Жүрсінов Сенат депутаттарымен кездесу барысында тәуекелді басқару жүйесіне көшкеннен бері елдегі тексерудің жалпы саны 45%-ға қыскарғанын айтты.

– Қазір жоспардан тыс тексеру өте жоғары. Қаржы министрлігімен бірлесіп бұл мәселені қарастырып жатырмыз. Себебі, әрбір жоспардан тыс үш тексерістің бірі – салықтық тексеріс, – деді ол.

Бизнес әр түрлі талап бойынша тексеріледі. Елде шамамен 28 мың талап бар, оның ішінде өзінің маңыздылығын осыдан 20 жыл бұрын жоғалтқан талаптар да бар екен. «Бүгінгі күні аса маңызды және көкейкесті мәселе деп санитарлық-эпидемиялық қызмет тексерісін айтуға болады, – дейді Рустам Жүрсінов. – Қазіргі уақытта сараптамалық топ осы санитарлық-эпидемиялық қызметтің 17 тексеру парағына сараптама жасады. Оның барысында 4562 талап бар екені анықталды. Тіпті, кейбір талап атам заманнан келе жатқаны белгілі болды. Мысалы, «жұмыртқаны тек темір пышақпен ғана жару керек», «балабақшаның қоймалары ғимараттың оңтүстік-шығысында орналасуы керек», «жарық түсіру құралдары темір тормен қапталуы керек» деген талаптар бар». КҮП-тың есептеуі бойынша, бүгінгі күні қолданылып отырған талаптардың шамамен 82%-ы өзінің маңызын баяғыда-ақ жоғалтқан. Қазір Ұлттық палата ұсыныстар пакетін дайындап жатыр. Оны осы қараша айында Үкіметке ұсынбақ. Осымен бірге бизнеске айқын мемлекеттік, оның ішінде фискальды саясат қажет.

фото: astana.palata.kz

Рустам Жүрсінов:

– Қазіргі уақытта сараптамалық топ осы санитарлық-эпидемиялық қызметтің 17 тексеру парағына сараптама жасады. Оның барысында 4562 талап бар екені анықталды. Тіпті, кейбір талап атам заманнан келе жатқаны белгілі болды. Мысалы, «жұмыртқаны тек темір пышақпен ғана жару керек», «балабақшаның қоймалары ғимараттың оңтүстік-шығысында орналасуы керек», «жарық түсіру құралдары темір тормен қапталуы керек» деген талаптар бар». КҮП-тың есептеуі бойынша, бүгінгі күні қолданылып отырған талаптардың шамамен 82%-ы өзінің маңызын баяғыдаақ жоғалтқан.

– Салық заңы қазіргі экономикалық жағдайды көрсетіп отыр. Бізге, кәсіпкер үшін қандай да бір нақты сүйенетін құжаттың болғаны маңызды. Сол себепті ұлттық министрлік алдында мемлекеттік жоспарлау жүйесінде фискальды саясаттың негізгі бағыттарын жеке бір құжатта көрсету мәселесін бірнеше қайта көтеріп отырмыз. Ол өзге елдердегі сияқты орташа мерзімді кезеңге жасалуы керек. Бізде ол жоқ емес, бар. Бірақ ол бюджет саясатындағы төрт азат жолда ғана көрсетілген. Бізге алдағы бес жылдағы салықтық әлеуетіміздің салықтық жүктемеси коэффициентін, сұлбасын түсіну қажет. Осының шеңберінде бюджет және салықтық өзгертулер қабылдануы керек. Біз үшін бұл өте маңызды, – деді Рустам Жүрсінов.

Парламент депутаттары да заңның тұрақсыздығын сөз етті. Кездесуге дайындалған анықтама материалдарына қарасақ, қолданыста болған жеті жыл ішінде Салық кодексіне 2314 түзету енгізіліпті. Яғни, бұл жыл сайын 300 түзету енгізілген деген сөз. Қабылданғанына екі жыл ғана болған әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің өзіне 369 түзету енгізіліп үлгерген.

Сонымен бірге «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексте құқық бұзушылықтың 608 құрамы бар. Оның 400-ден астамы кәсіпкерге қатысты қолданылады. Осы 400-дің ішіндегі баржоғы 14 бапта ғана «ескерту жазасын» қолдану қарастырылыпты.

Он жыл ішінде экологиялық кодекске 523 түзету енгізілген. Осылайша барлық негізгі заңға өзгеріс енгізілген. Заңдардың бұлайша жиі өзгеруі барысында бизнесті дамытудың талаптары мен инвестициялық тартымдылығы туралы сөз қозғаудың қажеті де жоқ. Статистика комитетінің биылғы 1 қарашадағы мәліметіне сүйенсек, елдегі шағын және орта бизнес субъектілерінің саны былтырғы мен салыстырғанда 6%-ға азайған. Жамбыл облысындағы шағын бизнес субъектісі 23%-ға, Солтүстік және Батыс Қазақстанда 14,8%-ға қысқарған. Тек Астанада ғана ШОБ субъектісі 3,7%-ға өскен. 2015 жылдың қорытындысы бойынша, елдің ЖІӨ-де шағын және орта кәсіпкерлік үлесі 24,9%-ды құрады.

Қазақ кәсіпкерлері Ресейдегі кемсітушілікке ұшырауда

Көрші Ресейде Еуразиялық экономикалық одақ аясында Қазақстан кәсіпкерлерінің жүгін өткізбеу, қайта-қайта тексеру, теңіз портында ұстап қалу сияқты дискриминациялық әрекеттер көп кездеседі екен. Әсіресе Еуропаға бет алған отандық жүктер Ресей жерінде ұзақ бөгеледі. Соның салдарынан тауарды қоймада сақтағаны, жүк көлігін автотұраққа қойғаны үшін біраз шығын шығаруға тура келеді.

фото: tengrinews.kz

Минасян не деді?

Тауардың сақтау мерзімі өтсе, бизнесмен тақырға отыратыны анық. Міне, осы іспетті кедергілермен күресіп жатқанымызға біраз уақыт болды. «Атамекен» палатасы да тоскауылдың түр-түрін тізбектеп шаршады. Осы жолы палата басшылығы Еуразиялық экономикалық комиссияның ақпараттық-коммуникациялық технология және ішкі нарық жөніндегі алқаның мүшесі, министр Карина Минасянды Астанаға шақырып, Қазақстан бизнесмендерімен бетпе-бет кездестірді.

Өз отандық кәсіпкерлер Ресей, Беларусь және Қырғызстан нарығындағы кедергілер жөнінде шағымданды. Минасян ханым болса, барлық арыз-шағымды арнайы портал арқылы жолдауға кеңес берді. Сондай-ақ, қазіргі кедергілерге қатысты өзінің жеке ұстанымын жеткізді. Минасянның айтуынша, бұған дейін Еуразиялық экономикалық комиссияда ішкі кедергілер мәселесі көп қаралған жоқ. Өткен жылы Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев комиссияға өз үндеуін жолдап, одақ аясында тауарлар мен қызметтерді кедергісіз тасымалдау проблемасын көтергеннен кейін комиссияның құрамында арнайы департамент құрылды.

– Біздің негізгі жұмысымыз – Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес келмейтін ұлттық заңнамалардың тетіктерін анықтау. Ол – бір. Екіншіден, біз өзара сауда мен интеграцияның қалтарыс жерлерін анықтап, бизнесті жүргізуге кедергі келтіріп отырған мәселелелді анықтауымыз қажет. Иә, заңнама жағынан ретке келтіретін түйткілдер аз емес. Өткен жылы Еуразиялық экономикалық комиссияның кеңесі мынадай шешімге келді. Егер одақ ережелері мен оған мүше елдердің мемлекеттік органдарының қызметі арасында бір алшақтық болса, онда біз бірден жұмысқа кірісіп, оның бәрін сәйкестендіруге күш саламыз. Ал жергілікті жерде өзара интеграция шаралары дұрыс атқарылмаса, биылдан бастап арнайы жол картасын әзірлеп, ортақ заңнама базасын енгізуміз керек. Сондықтан біріміз қалмай, ортақ іске атсалысқанымыз абзал, – дейді Минасян.

Осы орайда алқа мүшелері одақ ішіндегі кедергілер жайында ақпарат беруге мүмкіндік беретін https://barriers.eaeunion.org қосымшасын таныстырды. Осы портал арқылы бизнес кедергілер туралы шұғыл хабар беруге болады. Минасян ханымның сөзіне сенсек, порталға түскен арыз-шағым негізінде нақты кедергілердің тізімі жасалады. Одан кейін тиісті консультациялар мен заңнамаға өзгеріс енгізу жұмысы жүргізіледі.

Соңғы жарты жылдың ішінде алқа мамандары Қазақстанның өтінішімен бір кедергінің мәселесін шешіп берді. «Ол мәселе еңбек мигранттарына байланысты. Біз оныештік. Енді Ресей нарығында жұмыс істейтін ондай азаматтар медициналық сақтандыру полисін ала алады», – дейді Минасян. Алқа мүшесі тек осы мысалмен ғана шектелді.

Машина машинамен «сөйлесуі» тиіс

Өкінішке қарай онымен Ресей жеріндегі Қазақстан кәсіпкерлеріне қатысты кедергілер азайып отырған жоқ, керісінше, күн өткен сайын көбейіп келеді. Еуразиялық экономикалық комиссияда «министр» дәрежесі бар Минасянның қазіргі кедергілерге қатысты өзінің ішкі ұстанымы да бар.

– Мен комиссияның құрамында тек ішкі кедергілер мәселесімен ғана емес, одақ ішіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен ақпараттандырумен айналысып жатқаннан кейін тосқауылдарды жоюға қатысты өзімнің бір пікірім бар. Тауар тасымалдау саласындағы кедергілерді жаңа технологияларды енгізу арқылы алып тастап отыруға да болады. Негізі қазіргі бақылау мен жүргізу жөнінде атқарылып жатқан шараларға ақпараттық технологияларды енгізсек, талон, таңбалау және тағы басқа мәселелерді толығымен шешуге мүмкіндік бар. Сондықтан проблемаға осы жағынан да қараған дұрыс. Жалпы ондай кедергілерді кешенді түрде қалай алып тастай аламыз? Бір рет емес, бірден тосқауылдарды қалай жоямыз? Мәселен Қытайдан шыққан жүк көлігі жолда көп бөгелмей, қысқа уақытта Еуропаға бара алатындай жағдай жасауымыз қажет. Былайша айтқанда, адам адаммен емес, машина машинамен «сөйлесіп», өзара ақпарат алмасуы тиіс. Сейтіп, жаңа технологияларды кеңінен енгізіп, автоматты жүйелерді іске қоссақ, жүк тасымалын барынша жеңілдетуге болады, – дейді Минасян. Сөз жоқ, ақпараттық технологиялар барлық жерде бірдей енгізілсе, бес елдің кедергісін бірден алып тастауға болатын еді.

Алайда Минасян ханымның қазіргі футуристік көзқарасы жолда тұрып қалған Қазақстан жүгіне еш көмектеспейтіні белгілі. Оған қоса бірыңғай ақпараттық жүйені іске қосамыз дегенімізге де біраз уақыт болды. Дегенмен, бұл салада өзгеріс байқалмайды.

– Ақпараттық жүйелердің интеграциясы жайында айтып келе жатқанымызға 3 жыл болды. Комиссия «бір терезе» қағидатын енгіземіз дейді. Биыл шілде айында Кеден кодексі күшіне енеді. Бәлкім, сол кезде бір нәрсе өзгерер. Қодексте электронды декларация тапсыру мәселесі көрсетілген. Дегенмен көп нәрсе одаққа мүше елдердің өздеріне байланысты. Біз бәріміз бірдей оған дайын болуымыз қажет. Онсыз кодексте көрсетілген мақсатқа жету қиын, – дейді «Атамекен» КҮП басқарма басшысының орынбасары Дана Бейсенова.

Шыны керек, бүгінде ЕАЭО аясындағы басты әріптесіміз – Ресей нарығында Қазақстан кәсіпкерлері тап болатын кедергі көп. Транзит, акциз, кеме қатынасы, алкоголь нарығына отандық өнім жеткізу және тағы басқа проблема жетіп артылады.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Жас маманың жаңа өнімі

Химия саласының жас маманы Арман Ниязов бір жыл бұрын жеке технологиясымен тақта желімін шығаруды бастады. Сұраныс ұсынысты тудырады дейді кәсіпкер.

Бүгінде шағын ғана цех өнімнің бес түрін шығарады. Ғимаратты әрлеуге ең қажеттілері – желім, сылақ, тегістеме бояу мен құйылатын еден. Мұның барлығы да отандық шикізаттан жасалады. Өнімнің басты артықшылығы – сапасы мен бағасының үйлесімінде. Өнім ресейлік және батыстық өнімдерден кем емес. Бағасы әрдеқайда арзан, құрамында отандық шикізат үлесі көп. Құм, цемент, қамтама – барлығы да жергілікті. Тек түрлендіруші қоспалар Қазақстанда шығарылмайтындықтан, шетелдік серіктестерден сатып алады екен.

Қазіргі бір ауысымда импорт алмастыратын өнімнің 10 тоннасы шығарылады. Бірақ бұл шектік меже емес, 2 есе шығаруға цехтың қуаты жетеді. Жас кәсіпкер Өңірлік кәсіпкерлер палатасының көмегімен тұтынушылар базасын кеңейтуге ниетті. Себебі сапасы жоғары отандық өнім дәл осындай балама өнімдерден екі есе арзан. Жергілікті құрылысшылар да шетелден әкелінген тауардан гөрі, отандық өнімді жиі қолдана бастады. Ең бастысы бұл қаржы үнемдеудің жолы.

фото: instroymaterial.ru

Әрбір төртінші теңгесі шағын бизнеске берілген

Қазақстанда соңғы жаңалықтар ҚР Ұлттық банк басшысы Данияр Ақышев несие шағын бизнес Былтыр Қазақстандағы барлық несиелердің әрбір төртінші теңгесі шағын және орта бизнес субъектілеріне қарызға берілді.

Бұл туралы Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев хабарлады. Ақышев шағын бизнесті несиелендіру көлемі 1 триллионнан астам теңгеге ұлғайғаны және банктердің жалпы несие қоржынындағы кішігірім кәсіпкерлердің үлесі 24 пайызға жеткенін айтты. Бас банкир бұл соңғы жылдардағы ең жоғарғы көрсеткіш екенін атап өтті.

фото: millioner.kz

– Мемлекеттік бағдарламалар арқылы несиеге беріліп жатқан қаражаттан тыс екінші деңгейлі банктер өздерінің ақшаларын да шағын бизнеске бөлсенді түрде несиеге бере бастады. 2017 жылы да шағын және орта бизнесті несиелендіру көлемі арта түседі деген үміттеміз, – деді ҚР Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Субсидия өссе, бал да көбейеді

Таяуда Қазақстан омарташыларның «Бал-Ара» ұлттық одағының вице-президенті Ғабит Нұрәділ ауыл шаруашылығына қол көрсету қажеттілігі туралы айтты.

фото: ontustik.gov.kz

– Елбасы өз Жолдауында атап өткендей, агроөндірістік кешен экономиканың жеделдетілген технологиялық модернизациясы басымдығының алдыңғы сапына кіреді. Себебі бұл – республиканың экономикалық және тағамдық қауіпсіздігін құрайтын экономикадағы маңызы зор сала. Бүгінде Қазақстанда 12 мың омарта шаруашылығы жұмыс істейді, олар орта және шағын бизнестің субъектілері болып саналады. Ресми емес деректерге сүйенсек, 2016 жылы 8 000 тонна тауарлық бал жиналған. Омарта шаруашылықтары кооперативтерге біріге бастады, әрине олардың саны көп емес, республика бойынша саны онға жетер-жетпес. Алайда, омарташылардың ара шаруашылығындағы балұяны, одан кейін тозаңдандыратын ауыл шаруашылық алқаптарының санына тікелей әсер ететін қарқынды әдісіне ауысуын есепке ала отырып, 2017-2021 жылдарға арналған АӨК дамыту бағдарламасында қарастырылған субсидиялауды арттыру омарта шаруашылығының дамуына оң әсер етеді. Аралардың майлы, жидекті және жемдік дақылдарды тозаңдандыруы азотты және күрделі минералдық тыңайтқыштарды қолданбастан түсімділікті бірнеше есе арттырып, экологиялық таза өнімдердің жоғары көрсеткішіне жетуге мүмкіндік береді, – деп атап өтті Ғабит Нұрәділ.

«Бал-Ара» қауымдастығы төрағасының айтуынша, мемлекет қазірдің өзінде омарташыларға қолдау көрсетіп отыр – тұқымдық омартаға субсидия бөледі, мемлекет есебінен білім алуды қамтамасыз етеді, балауыз өндіру, балды бөліп қаптауға, ара ұясынсыз арақалталарын шығаруға, балды конвейерді ұйымдастыруға несие бөледі.

– Технологияны дамыту омарта шаруашылығының алдында жаңа міндеттерді қояды. Сондықтан да орта және кіші омарта шаруашылықтарын субсидиялау мөлшерін арттыру мен қаржылай шығынды өтеу бойынша бағдарламалардың жаңа түрлерін дамыту маңызды. Бұл тәжірибе жүзінде қарқынды омарташылық әдісін, өнімділікті арттыратын техника мен жабдықты сатып ала отырып, жаңа технологияларды қолдануға мүмкіндік береді. Аталған міндеттердің маңызы зор және Қазақстан омарташылары одағының президенті Сергей Терещенконың омарта саласындағы қойылған мақсаттар аясында дамытуға арналған шешімдерімен үндес. Ара шаруашылығы өнімінің өндірісін әртараптандыру отандық омарташыларға шикізаттық емес экспорт нарығына шығуға мүмкіндік береді, – деп хабарлады Ғабит Нұрәділ.

Тимур Құлыбаев: «Жемқорлық – бизнеске салынатын үстеме салық»

Transparency International қозғалысының мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстан сыбайлас жемқорлық деңгейі жөнінен әлемде 123-орынды иеленген. Кәсіпкерлердің «Атамекен» ұлттық палатасы елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз жұмысының негізі етіп алды.

– Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына қосу жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасы есте, сондықтан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде біз үлкен жұмысқа білек сыбана кірісуіміз керек. Бұл жұмысты тек мемлекеттік органдардың күшімен жүргізу жеткіліксіз – азаматтық қоғам институттары да кірісуі тиіс. «Атамекен» өзінің аумақтық бөлімшелерімен бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жұмысының негізі етіп алды. Себебі, сыбайлас жемқорлық – бизнеске салынатын үстеме салық. Екіншіден, ол бәсекелестік ортаны бұзғыреді, себебі, келісімшарттар мен өзге артықшылықтарды арамқол компаниялар қолға түсіреді, сәйкесінше, біз, Атамекен ретінде барлық мемлекеттік органмен жұмыс істеуге мүдделіміз және бұл жұмысты істеп те жатырмыз, – деді КҮП төралқасының төрағасы Тимур Құлыбаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі республикалық форумда.

Шенеуніктер қағидаларды өзіне ыңғайлы етіп жазады 2016 жылы «Атамекен» съезінде Қазақстан кәсіпкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі хартиясы бекітілген болатын, ол халықаралық тәжірибелерге негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді тетіктерінен тұрады. «Хартияны енгізу сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық стратегияны жүзеге асыруда мемлекет пен азаматтық қоғамның күшін бір арнаға тоғыстыруға мүмкіндік беретініне сенімділік. Бүгінде агенттікпен бірге алдымызға қойылған міндеттерді іске асыруда 2017 жылға арналған жол картасын бекітеміз. Біріншіден, салықтық әкімшіліктен бастап ветеринарлық қадағалау мәселелеріне дейін 16 саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізіледі. Бұл жұмыс барлық аймақта жүргізіледі. Екіншіден, осы талдау негізінде біз алдағы жылдың соңына қарай заңнаманы жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгіземіз. Үшіншіден, келесі жылдың басында квазимемлекеттік секторда сатып алуда жемқорлыққа қарсы тетіктерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізіледі», – дейді Тимур Құлыбаев.

фото: 7kun.kz

Корпоративті жемқорлықты реттеу Құлыбаев мырзаның ойынша, «Самұрық-Қазына» АҚ және өзге мемлекеттік холдингтердің 5 трлн теңгелік сатып алуы көптеген кәсіпкер үшін жіліктің майлы басымен тең. «Квазимемлекеттік секторда, бірінші кезекте ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардағы сыбайлас жемқорлық дегеніміз шешім қабылдау үрдісінің құпиялылығы, ішкі мүдделер қақтығысы, қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктің болмауымен тең. Мұндай құбылыс Қазақстанда әлі де корпоративті жемқорлық ретінде айқындалмаған, десе де, одан мемлекеттік сектордан кем емес залал келеді. Ұлттық холдингтердің сатып алуы 5 трлн теңге – мемлекеттік сатып алудан 1,5 есе көп. Осы салада қатаң жауапкершілік шараларын заңды түрде енгізу қажет, сондай-ақ, сатып алуға ішкі корпоративтік бақылауды күшейту керек», – дейді ол.

Ал ҮКП 2017 жылдың қаңтар айында нақты ұсыныстар енгізеді. «Өздеріңіз білетіндей, бізде тұтынушылар құқын қорғау жөніндегі кеңес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңес бар, әрине, бұл кеңестерде біз барлық өтініштерді қарастырамыз. Айтайын дегенім, бізге түскен барлық өтініштердің 13%-ы дәл осы сатып алу мәселелеріне қатысты. Сондықтан, біз қаңтар айында Үкімет басшылығы мен Самұрық-Қазынаға жаңа қағидаларды талқылау туралы кешенді ұсыныстар айтамыз», – дейді Құлыбаев мырза. Бұдан бұрын Ұлттық әл-ауқат қоры «Мемлекеттік сатып алу туралы» бірыңғай заңның қараушы болды. Ал қазіргі кезде мемлекеттік холдингтің сатып алуы бойынша «ешқандай жауапкершілік» жоқ және бұл сатып алуға тек ішкі бақылау жүргізіледі. Ендігі бір шара ретінде сатып алу кезінде ақпараттық технологияларды пайдалану ұсынылады.

– Бүгінгі күні мемлекеттік органдардың барлығы дерліккағидаларды, регламенттерді, өзге актілерді өздері әзірлеп, бекітеді. Бұл құжаттар көп жағдайда өз мүдделеріне ыңғайландырылып жазылады. Бұл ішкі мүдделер қақтығысына әкеп соқтырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптаманы өткізуге қоғамды кеңінен тарту қажет. Біздің шамалауымызша, екі бағытта жылжу керек – жаңа құжаттарды әзірлеу кезінде сараптама жүргізу және қолданыстағы актілерді тексеру. Мемлекеттік қызмет агенттігіне бізбен бірлесіп алдағы жыл бойында бизнес мүдделеріне қатысты нормативтік қорға жемқорлыққа қарсы тексеру жүргізуді ұсынамыз, – деп мәлімдеді ол. «Атамекеннің» ендігі бір ұсынысы – рұқсат құжаттарын оңтайландыру. «Біз рұқсаттар мен хабарламалардың барлық жүйесіне талдау жүргіздік және мемлекеттік органдардың бірлескен 1115 рұқсатын 316-ға дейін қысқарттық та, оны рұқсат және хабарлама туралы бір заңда түйістірдік. Енді шенеунік жаңа рұқсат немесе жаңа лицензия ойлап табуы үшін оның бизнеске тигізетін реттеу әсерін талдаудан өткізіп, одан кейін парламенттен жіберілуі керек, яғни, бұл рәсім әдеуір күрделенді. 2015 жылдан бастап жоспарлы тексерулерге тыйым салынды және тәуекелдерді басқарудың жаңа жүйесі енгізілді», – дейді ол. Құлыбаев мырза келтірген статистика мәліметтеріне сүйенсек, тәуекелдерді бақылау жүйесі енгізілгендіктен биылғы жылы тексерулер саны 45%-ға қысқарған. 2016 жылы КҮП мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау қызметтерін талдау жөніндегі жұмысты бастады. «Бас прокуратурамен және министрліктермен бірлесіп талдау жүргізіп жатырмыз. Бізде бүгін сан түрлі 28 мың рұқсат бар. Мысалы, санитарлық-эпидемиологиялық тексерулер жөнінде 11 мың талап бар. Біз тұтынушылардың құқын қорғау комитетімен, бас прокуратурамен бірлесіп, жалпы зерттеу өткіздік және сол 11 мың талаптың 82%-ын қысқартуға болатынына көзіміз жетті. Бүгінгі күні 2 мыңға жуық талапты қалдыруға болады деп шештік. 11 мың талап шағын бизнес үшін де, тіпті, орта бизнес үшін де – шектен шыққан талап екені түсінікті. Барлық талапты орындау үшін компанияның аппараты қандай болуы керек? Бұл ұсыныстың барлығын әкімшілік кедергілерді төмендету жөніндегі заң жобасының аясында іске асыруды жоспарлап отырмыз», – дейді Тимур Құлыбаев. Сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске бизнес 25 тұжырымды ұсыныс енгізді. «Біз әкімшілік әсердің сипатын жазалаудан алдын-алу шараларына ауыстыруды ұсындық. Құдалау шаралары арқылы бизнеске қысым көрсетіледі. Бұл жұмыстың аясында Қылмыстық кодексті ізгілендіру бойынша, дәлірек айтсақ, жалған кәсіпкерлікке қатысты 20-ға тарта ұсыныс айтылды. Біздің заңдардың кемшін тұстарының кесірінен көптеген кәсіпкер еріксіз жалған кәсіпорындардың құрбанына айналды. Біз бұл бапты қайта қарап, оны Қылмыстық кодекстен шығаруды ұсындық. Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында мемлекет басшысы амнистия жасауға бастама көтерді, оның қатарында экономикалық қылмыстар да бар», – дейді ол.

Құлыбаев мырза он мыңдаған кәсіпкер жалған кәсіпорындардың әрекетінен жапа шеккенін айтады. Сондықтан, «Атамекен» 2017 жылдың басында қолданыстағы заңнамаға тиісті түзетулер енгізуді талқылайды. КҮП басшысы көптеген кәсіпкер осы амнистияға ілігуі мүмкін екенін айтты. «Жалпы айтатыным, қылмыстық заңнаманы, әкімшілік заңнаманы бизнеске қатысты ізгілендіру жөніндегі жұмыс қарқынды жүргізіліп жатыр. Экономикалық қылмыс жасаған ұсақ кәсіпкерлер амнистияға ілігетінін мен бүгін бекер айтканым жоқ, іскер адамдар сабақ алды деген сенімдемін және ендігі кезекте олар өз жұмысында қайтадан қылмысқа бармауы керек», – дейді ол. Құлыбаев мырза келер жылдан бастап кәсіпкерлік негіздері мектептерде оқытылатынын жеткізді.

«Осы бағдарлама аясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет жөнінде арнайы курстар енгізу қажет. Жастарды бала кезінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеуіміз керек. Бұл біз үшін өте маңызды», – дейді ол. Шенеуніктер әдеттегідей жауапкершіліктен тыс қалып жатыр Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агентігінің төрағасы Қайрат Қожамжаров жемқорлықпен күрес мәселелері үлкен жұмысты қажет етеді дегенмен келіседі. «Бизнеске қысым көрсету деректері әлі де бар. Біздің бүгінгі шарамыз – барлық арамқол басқарушыларды ашық күреске шақыру және бизнес өкілдеріне жемқорлыққа жақындамау керектігін түсіндіру, себебі, біз күшімізді біріктіреміз. Әр мемлекеттік қызметкер оның міндеті – қоғамға қызмет ету және бизнестің дамуына жағдай жасау екенін түсінуі керек. Енді агенттіктің аумақтық органдарының басшылары бизнесті шенеуніктердің өктемдігінен қорғауда қолданған шараларымен де бағаланады. Бұл жұмыстың нәтижелері – олардың қызметінің негізгі көрсеткіші. Менің кәсіпкерлерге айтарым: құқық бұзушылықтар туралы бізге хабар беріңіздер, біз жемқорлықты түп негізімен жою мәселелерінде қатаң шара қолданамыз», – дейді ол. Қожамжаров жемқорлық схемаларын көп жағдайда бизнесмендердің өзі бастап, көлеңкелі экономиканың гүлденіп кең етек жаюына жағдай жасайтынын айтты. «Миллиардтаған сома заңсыз шекара асып жатыр. Ол кәсіпкерлер де бизнесті адал және ашық жүргізу қағидаларына көшуі тиіс», – дейді ол.

КҮП басқармасы төрағасының орынбасары Рустам Жүрсінов жиналған қауымның назарын бизнесті қыспаққа алған шенеуніктер үнемі жазасыз қалатынына аударды. «Бір ғана 2016 жылдың өзінде «Атамекенге» 5,5 мыңнан астам шағым түсті. Прокуратура органдары экономика саласында тексеру жүргізіп, 20 мыңға жуық құқық бұзушылықты анықтады. Прокурорлық қадағалау актілері жөніндегі 3 мыңнан астам заңсыз шешім жойылды және өзгертілді. Бұл сандар қазіргі таңда қазақстан бизнесінің аспанын торлаған қысымның тек аз ғана бөлігін көрсетеді. Кәсіпкерлер құқын бұзған лауазымды тұлғалар іс жүзінде ешқандай жауапкершілікке тартылмайды», – дейді ол. Форум қорытындысында мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі агенттік пен КҮП арасында өзара қызметтестігі туралы келісімді іске асыру жөніндегі жол картасына қол қойылды.

Азық–түлікпен айналысқандарға несие беріледі

Таяуда Премьер-министрдің орынбасары – ауыл шаруашылығы министрі Асқар Мырзахметов Оңтүстік Қазақстан облысына іссапармен барды. Сапар барысында елбасы агроөнеркәсіп кешенін дамытуға қатысты ауыл шаруашылығы министрлігіне тапсырған міндеттермен таныстырды.

фото: aikyn.kz

Оның ішінде өнім өндеу деңгейін арттыру қажеттілігі, тиімді сақтау жүйесін құру, тауар тасымалдау мен өткізу, еңбек өнімділігін арттыру, өндірістік шығанды азайту, сондай-ақ Made in Kazakhstan органикалық брендін көпшілікке дәріптеу және экспорттық әлеуетті арттыру бар. Алайда дәл қазір Finprom.kz сараптамалық порталы сарапшыларының бағалауына сүйенер болсақ, елдегі азық-түлік өндіру нарығы өндіріс құнының өсуі мен шынайы сатып алу сұранысының төмендеуіне тәуелді болып отыр.

Сарапшылардың айтуынша, өткен жылы өндірістің негізгі құралдары айтарлықтай қымбаттаған. «2016 жылы азық-түлік өнеркәсібіне арналған шикізат пен жабдық 33%-ға күрт қымбаттаған. Ол 2015 жылғы 6%-бен салыстыруға келмейді». Оның ішінде импорттық шікізатты жеткізушілердің бағасы және азық-түлік өндірушілеріне арналған жабдықтар катты қымбаттаған.

ТМД елдері кәсіпорнынан шығарылатын өндірістік-техникалық мақсаттағы өнім бағасы 42,5%-ға, ТМД елдерінен басқа елдердегі баға 56,4% өскен. Бұған теңге бағамының төмендеуі себеп болды. Ал жергілікті жеткізушілер бағаны ұстап тұруға тырысты, сөйтіп 2016 жылғы өсім 21,7% болды. Бұл, әрине, өнімнің сату бағасының өсуіне бір себеп болды. «2016 жылы өндірушілер бағасының артуы 2015 жылы теңге құнсызданған кездегі қарқыннан едәуір асты», – дейді Finprom.kz сарапшылары.

Сонымен бірге сарапшылардың айтуынша, 2016 жылдың қорытындысы бойынша елдегі кәсіпорындарда өндірілген азық-түлік бағасы импорттық өнімге қарағанда айтарлықтай өскен. 2015 жылғы мәліметтермен салыстырар болсақ, ол 17,6%-ға өскен. Қазақстаннан тысқары жерлердегі дайын азық-түлік бағасы 8,5%-ға қымбаттаған.

Жоғарыдағы айтылғандарға қарамастан, ойыншылар өнімді шығару қарқынын ұстап тұруға тырысады. «2016 жылы азық-түлік өндірушілер өнім шығарудың жеке көлемін 3,9%-ға арттырған. Алайда өсу қарқынын ұстап тұру оларға оңай болып тұрған жоқ. Нарықтың белсенді қатысушылары 2016 жылы соңғы бес жылда болмаған 11%-ға жетті», – дейді Finprom.kz сарапшылары.

Сонымен бірге олар азық-түлік өндірісі Қазақстанның 2015-2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының бес басым саласының бірі екенін айтады. 2017 жылы Алматының жағдайын «Даму» қоры және қала әкімдігі арқылы жақсартпақ. Осы үшін «Алматы Өнім» аймақтық бағдарламасы әзірленді. «Даму» қоры өкілдерінің айтуынша, бұл бағдарлама азық-түлік белдеуін құру мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаруы тиіс. «Даму» қоры және әкімдік өкілдері бағдарламаның жаңа талаптары туралы айту үшін кәсіпкерлерді Қазақ аграрлық университетіне жинады.

«Даму» қорындағылар жаңа бағдарлама өндірушілерге өнімді өткізу мәселесін шешуге көмектесетініне сенімді. Бұл бағдарламаға артылып отырған тағы бір тиімділік – шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын және олар шығаратын өнімнің санын арттыруда болып отыр. Бағдарламаның мақсаты – азық-түлік өнеркәсібінің басым салаларында жұмыс істеп жүрген алматылық кәсіпкерлерді 1 млрд теңгеге қаржыландыру. Қаражатты қала әкімдігі мен «Даму» қоры теңдей бөлінеді. Қор құзіретін арттыру бағдарламасы бойынша бас менеджер Зарина Кәрменова «Алматы Өнім» бағдарламасын таныстыру барысында: «1 млрд теңгені «Даму» қоры бөлді. Әрине, біз тікелей несие бермеміз. Қаржыландыру серіктес-банктер арқылы іске асады. Бұл «Қазкоммерцбанк» және «Халық банк», – деп нақтылап кетті. Сонымен бірге қаражаттың көп бөлігі – 900 млн теңге – «Қазкомға» жіберілген. Ал қалған 100 млн теңгесі Халық банкте.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Түрмедегілер де бизнеспен айналысуға ниетті

Кәсіпкерлер палатасының бастамасымен түзеу колонияларында бизнес-тренингтер өтті. Жазасын өтеушілер екі күн бойы кәсіпкерлік негіздері бойынша білім алып, «Бизнестің жол картасы – 2020» кәсіпкерлікті дамытудың бірыңғай бағдарламасы» жобасы аясында біліктіліктерін шыңдады.

фото: palata.kz

Топта жақын арада бостандыққа шығатын 22 жазасын өтеуші бар. Бостандыққа шыққаннан кейін олардың әркайсысын немен айналысатындығы туралы маңызды сауал күтіп тұрғаны белгілі. Бір кездері заң шеңберінен шыққан жандар сол істерін қайталамас үшін «Бизнес-кеңесші» компоненті бойынша тренинг өткізуге шешім қабылданды. Бұл оқу курсы өмірлеріне жағымды өзгерістер алып келетін шығар.

– Жұмыс барысында көп жағдайда өз ісін бастаған стартаперлер идеяны жеткізе алады да, қаржылық, маркетингтік жоспарлауды, жаңа бизнес қалай жұмыс істейтіндігін бағалауды, оның нәтижесін болжауды білмейтіндігін аңғардым. «Бизнес-кеңесші» жазасын өтеп жатқан әйелдерге де кәсіпкерлік негіздеріндегі білімдерін тегін толықтыруға мүмкіндік береді. Олар үшін кәсіпкерлік тек кіріс алып келетін емес, сондай-ақ өмірде өзін-өзі қалыптастыруға деген мүмкіндік деп ойлаймын, – дейді Кәсіпкерлер палатасының бизнес-тренері Елена Коняхина.

Жазасын өтеушілер өз істерін ашуға ерекше ықыласты дейді бизнес-тренер. Мысалы, бір қатысушы түзеу мекемесінде өткізген уақытта тігінді жақсы үйренгенін айтты. Бостандыққа шыққан соң өз тігін ательесін ашып, үйренгенін кәсібіне айналдырғысы келетінін айтты. Енді бір келіншек мал шаруашылығымен, оның ішінде шошқа өсіруді қолға алмақ. Үшінші әйел қоғамдық тамақтану орнын ашуға ниетті. «Енді біз өз қалауымызды орындауға бір қадам жақындай түстік. Кәсіпкерлік іске қатысты білім алуымыз қоғамда бейімделуімізді жеңілдетуге көмектеседі» дейді жазасын өтеушілер.

Оқыту курсы аяқталғаннан кейін барлық тыңдаушылар бизнесті дамыту мен қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік беретін сертификатқа ие болады. Ақпан айынның соңында бизнес-тренинг ерлер колониясында ұйымдастырылмақ.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

«Нашар несиелерден» қашан құтыламыз?

Үкіметтің банк секторын қалпына келтіру мақсатында 2 триллион теңге бөлу туралы мәселеге қатысты банк сарапшысы өз көзқарасын білдірді.

Стратегиялық бастамалар орталығының серіктесі, Үкімет жанындағы Экономика мәселелерінің сараптамалық кеңес мүшесі Олжас Құдайбергенов банкті «нашар несиелерден» тазарту – кейінге шегеруге болмайтын маңызды шаралардың бірі» деп есептейді.

Сарапшы ел Президенті өзінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің қаржы секторын «қайта қалыпқа келтіру» керектігін айтқанын еске салды және де банк секторын қалпына келтірудің кешендік шараларын әзірлеу қажеттігін айтты. Бұл туралы Үкіметтің primeminister.kz сайтының өкілдері хабарлады.

Мемлекет басшысы банктерді «нашар несиелерден» тазарту жұмыстарын жеделдету керек деп есептейді және қажеттігінше акционерлер тарапынан оларды толық капиталдандырумен қамтамасыз ету керектігін айтты.

Осы орайда проблемалық несиелер қорын 2 трлн теңге көлемінде капиталдандыру жұмыстары қарастырылған болатын.

Олжас Құдайбергеновтың айтуынша, «нашар несиелер» мәселесі 2008-2009 жылдардан бері созылып келеді. Осы уақыт бойы ол мәселені шешудің түрлі тәсілдері қолданылды. Әлі күнге дейін банк секторын «нашар несиелерден» тазартатын тиісті тетіктер жоқ. Соның салдарынан банктер олардың көлемін төмендетудің түрлі жолдарын қолдануға мәжбүр, сонымен қатар нашар қарыздардың шынайы қайта құрылымдау жұмыстарын жүргізуге ынталы емес, деп есептейді сарапшы.

Оның пікірінше, банктердің несиелік белсенділігіне жұмыс істемей тұрған несиелердің жоғарғы деңгейі үлкен жағымсыз әрі тұрақсыздандырғыш әсер береді.

фото: 7kun.kz

Осы жағдайда аталған мәселені шешу жалпы қаржы секторын одан әрі дамытудың маңызды факторы болып табылады.

– «Нашар несиелерден» тазалаусыз, банктер несиелендіруді ұлғайта алмайды, ал жалпы экономика дами алмайды, – деді сараптамалық кеңес мүшесі Олжас Құдайбергенов.

«Самұрық-Қазына» қорының миллиардтаған шығыны

Есеп комитеті қаржылық тексеріс жүргізіп, «Самұрық-Қазына» әл-ауқат қорының бюджетке 1,5 млрд теңге көлемінде залал келтіргенін анықтады.

Сондай-ақ, «Самұрық-Қазына» өзінің еншілес компанияларын қор нарығына шығару жоспарын орындамаған. Алты компанияның тек екеуі ғана акцияларын IPO бағдарламасына өткізіпті.

Бұл құнды қағаздарға 160 мың адамның небәрі 75-і ғана ие болған. Алайда қор өкілдері анықталған заңбұзушылықтармен келіспей отыр.

«Бағдарлама 2011 жылдың қыркүйек айында бекітілген. Жоспарды әзірлеу алдында мақсаттарды айқындап, оны жүзеге асыру жолдарын алдын ала қарастыру керек еді.

Енді бұл заңбұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғаларды жауапқа тарту үшін ұсыныс жасап отырмыз. «Самұрық-Қазына» қандай шара қолданатынын өзі шешеді», – дейді Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі Айгүл Мұхаметкәрім.

Бас прокурор бизнеске тізе батырғандарды аямады

Бас прокуратураның көшпелі алқасының Қарағанды облысындағы жұмысының көрнекі нәтижесінің бірі – бас прокурордың ҚР БП оныншы департаменті басқармасының бастығы Ержан Ералиевті Қарағандыда қалдырып кетуі болды. Ол өз тобымен бизнесті тексеруге құқық берілген облыстың 60-тан астам мемлекеттік органына тексеру жүргізбекші.

фото: baq.kz

Ескесалакетейік, 2016жылы400-гежақын кәсіпкер өз құқығын қорғау мақсатында Қарағанды облысының аймақтық кәсіпкерлер палатасына жүгінген. Сондай-ақ прокуратураның мәліметі бойынша 50-ден астам мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлық қылмысы ашылып, сот алдында жауап берілді. 10 ақпанда Бас прокуратура алқасының отырысы өтіп, прокурорлар мемлекеттік қызметшілермен, бизнес пен қоғамдық өкілдермен бірлесіп кеншілер өңірінің кәсіпкерлік ахуалын қызу талқылады.

– Бұл отырыста бизнестің мемлекет дамуындағы маңызы мен рөлі туралы айтудың қажеті жоқ. Бұл туралы мемлекет басшысы үнемі қайталаумен келеді. Құқық қорғау органдарының белгілі бір міндеттері бар. Құқық қорғау органдары, оның ішінде прокуратура, бизнесті дамытуға мүдделі. Неге? Себебі барлық қылмыс жасаған адамның 84% жұмыссыз отырған адамдар. Ал жұмыс орнын кім құрады? Бірінші кезекте, бұл әрине, бизнес. Сондықтан біз «Атамекен» палатасымен, кәсіпкерлердің құқын қорғау жөніндегі өкілетті тұлға Балбеков мырзамен бірлесіп бұл жұмысты алдын-ала бастап кеттік, – деп мәлімдеді алқа отырысы барысында ҚР бас прокуроры Жақып Асанов.

Бұл ретте мынаған назар аударған жөн, осы кеңеске дейін екі апта бұрын 2017 жылдың 27 қаңтарында Қарағанды облысының әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков аймақтық кәсіпкерлердің басшысы Мәдениет Бобжановқа бинесмендердің «тұралап қалғанын», «жұмысқа дұрыс бейімделуге» ниетінің жоқтығын айтып наразылығын білдірген болатын:

– Инвестицияны көбейтуде біз неге жетістікке жетпедік? Біздің кәсіпкерлеріміз қайда? Мысалы кәсіпкерлер палатасы жалпы сомасы 100 млн доллардың инвесторларын тартты деп айтсаңыздар, міне, сол Елбасымыз талап еткендей нақты нәтиже болар еді. Жұмысты солай істеу керек, – деді.

Сондықтан көшпелі алқа барлық мәселені қарап, Қарағанды облысында бизнестің дамуына, расында, кәсіпкерлердің өзі ме, жоқ, әлде кейбір мемлекеттік шенеуніктер ме, кім кедергі келтіріп отырғанын анықтау керек еді. Бас прокурор сөзін өздерінен бастады:

– Бастысы – қысым, бұл жасырын емес, бұған құқық қорғау органдары, оның ішінде прокуратура да кінәлі. Қылмыстық іс қозғап, бизнес субъектілерін қылмыстық процеске тарту ең тамаша жол, ал бұл салықшылардың, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың тексерісі емес. Бұл нағыз қылмыстық іс. Ал қылмыстық іс аясында бәрін де жасауға: тінтуге де, шектеу қоюға да, мәжбүрлеу шараларына да, қамауға алуға да болады. Сондықтан бұл тұрғыда күрделі мәселелер бар. Сол себепті біз жедел түрде экономикалық қылмысты тіркеу тәртібін, яғни қай уақытта қылмыстық процесті бастауға болатын ережені өзгерттік. Былтыр біз осындағы (Қарағанды облысы) жағдаймен таныспақшы болдық. Аймақ кездейсоқ таңдалған жоқ: бұл инфрақұрылымы дамыған ірі өнеркәсіптік облыс, сондықтан осында өз қызметкерлеріміздің жібердік (қадағалау органы 2015-2016 жылдар аралығындағы аймақтың мемлекеттік органдарының жұмысын тексерді – автордың ескерт.). Сіздегі жағдай бас прокуратураның көзімен қандай екенін менің әріптестерім айтып беретін болады, – деді.

Бұл көзқарасты тексеруші топтың басшысы, ҚР БП оныншы департаменті басқармасының бастығы Ержан Ералиев мәлім етті, ол өңірдегі кәсіпкерліктің осал тұсын айтты: «Қарағанды облысындағы бизнес тексеруден көз ашпай отыр. Біз санап шықтық, облыста бизнесті тексеріп, ықпал ете алатын 141 мемлекеттік орган бар! Бірақ кәсіпкерлер бәрінен бұрын мемлекеттік кіріс департаментінен жапа шегіп келеді. 2016 жылы салықтық тексеруде 25%-ға өсті. Оның 62% түк нәтиже бермеді. Жалған актілер жасады да, 23 фирманы ҚҚС бойынша заңсыз тіркеуден шығарған. Бизнесмендер осы шешімнің күшін тек сот арқылы ғана жоя алды. 2015 жылы жалған кәсіпкерлік бойынша қозғалған 437 істің 7-і ғана сотқа жіберілді, салық төлеуден жалтау бойынша 93 істің 4-і ғана сотқа тапсырылған. 2016 жылғы жағдай да мәз емес: 948 істің 57-сі ғана сотқа жіберілді. Мемлекеттік кіріс департаменті өзінің маңыздылығын көрсету үшін жалған есептермен айналысқан. Осыған байланысты Ержан Ералиев баяндаған облыстық мемлекеттік кіріс департаменті жұмысының схемасы құлақ тұргізгендей еді: «Салық органы борышкерлді табады. Кәсіпкер өз еркімен бюджетке салық төлей бастайды. Осы кезде экономикалық қызмет іске араласып, қылмыстық іс қозғайды. Содан соң оны дереу тоқтата қояды. Сойтіп салық есебінде төленген миллиардтаған соманы өз активіне енгізе салады».

Жақып Асанов бірден әрекет етіп, алқаға қатысып отырған Мемлекеттік кіріс комитеті төрағасының орынбасары Тілеу Жанғарашевті «қаской» деп, оған жақсы бір кеңес айтты.

– Сізбен жұмыс істеп жүргеніме ұяламын! Сіз бас прокуратураның тергеу департаментін басқардыңыз ғой! Қаскөй! Сіздің осындай ресми ұстанымыңызды көрген тергеушілер қалай жұмыс істейді? Әрине, олар әрбір қылмыстықісті негіздеуге сылтау табады. Әрбір қылмыстық іс адамның жүйкесін тоздыратынын түсіну керек. Жұмыстан шығарындар! Міне, менің жұмыстан қалай шығарып жатқанымды көріңдер. Мен шығарып қана қоймаймын, түрмеге отырғызамын. Үшеуі қазірдің өзінде сот-талды. Оларды қайта тәрбиелеудің қажеті жоқ. Болды, бәрі де кеш, – деп бұлардан күдерін үзгенін алға тартты. Дәл осы жерде Ержан Ерғалиевтің заңсыз шешім қабылдаған прокуратура қызметкерлеріне қандай шара қолданылатыны туралы ақпары дөп келгендей болды. «Жергілікті прокурорлар да ерекшеленіп отыр, себебі қылмыстық процесс барысында мүлде заңсыз 39 тексеріске рұқсат берген. Олар – облыс прокурорының бұрынғы бірінші орынбасары Рашид Дубаев, Теміртау қаласының бұрынғы прокуроры Біржан Шаулиев, Қазыбек би ауданының бұрынғы прокуроры Думан Қаржаспаев, Жезқазған қаласының бұрынғы прокуроры Алжеті Куляшиндер».

Еске сала кетейік, Бас прокурор Жақып Асановтың 10 қазандағы бұйрығымен Бас прокуратураның тәртіп комиссиясының ұсыныс негізінде Қарағанды облысының бірінші орынбасары Рашид Дубаев, облыс прокуратурасының қылмыстық істі сотқа дейінгі тергеудің заңдылығын қадағалау басқармасының басшысы Алмас Абдақасов және Теміртау қаласының прокуроры Біржан Шаулиев лауазымдарынан босатылды. Алқа отырысы барысында кәсіпкерлердің үкіметке деген сенімі жайында көп айтылды. Онсыз жай жұмыс та, жалпы бизнес те өмір сүре сүре алмайды. Мысалы, Ержан Ерғалиевтің айтуынша, Мұстафин атындағы кентте 2015 жылы су тасқынынан кейін бұзылған үйлерді салу кезінде қарағандылық алты фирма әкімдік үйдесіне сенің зардап шеккен.

Алматыда кәсіпкер құқы қалай қорғалды?

Кәсіпкерлер палатасы соңғы бір жылдың өзінде кәсіпкерлердің жалпы сомасы 5,4 млрд теңге болатын құқықтары мен мүдделерін қорғап, 58 сот ісінде жеңіп шықты. Бұл жақсы көрсеткіш.



фото: 185.kz

Полицей мырзалар, кәсіпкер тіленшімен емес

Алмалы ауданының екі полицейі дүкен маңында тегін жарнама парақшаларын таратып жүрген қызметкерлердің іс-әрекетін қоғамдық орындарда мазаны алу деп бағалаған. Соған орай, «Белый ветер» ЖШС жұмысшыларына әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттама толтырған. Компания басшысы хаттаманың заңсыз екенін өз бетінше дәлелдей алмай, Кәсіпкерлер палатасына жүгініпті. Палата заңгерлері Алмалы ауданының прокуратурасына хат жолдады. Прокурорлар жарнама таратушы екі ер адамның компания жұмысшылары екеніне және олардың «Белый ветер» ЖШС-нің белгісі бар арнайы фирмалық киім киіп жүргеніне назар аударды. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексінің 449-бабына сәйкес, кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын, бал ашумен, тіленшілікпен және жыныстық сипаттағы қызмет көрсетулермен айналысатын тұлғалар елдің мазасын алса, ол қоғамдық теріс қылық болып саналады. Нәтижесінде Алмалы ауданының прокуратурасы заңсыз хаттаманың күшін жойды.

Мәндайшадағы жазу үшін айыппұл

Алматылық кәсіпкерлерге шағын және орта бизнес нысандарының мәндайшаларындағы жазулар үшін Мемлекеттік кірістер департаментінен қомақты сомадағы шоттар келе бастаған. Мәселен, көлік жуу орталығының иесі Сириям Низамдиновға жарты миллион теңгеге шот келген. «Көлік жуу» деген мәндайшадағы жазуды Алматы қаласы Сәулет және қала құрылысы басқармасының қызметкерлері жарнама деп қабылдаған. Бизнестің иесі қарызын өтемейінше, Мемлекеттік кірістер департаменті аталған мүлікті басқаруды шектеу туралы шешім шығарған.

Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасына келіп түсетін мұндай арыздар жүздеп саналады. Мәселен бүгін Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңесте қаралды. Кәсіпкерлер палатасының заңгерлері «Көлік жуу» деген жазуы бар тақташа қызмет түрін ғана білдіріп тұрғанын дәлелдеп берді.

Ал заң бойынша сауда-саттық, қоғамдық тамақтандыру, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарының мәндайшаларындағы жазулар сыртқы (визуалды) жарнамаға жатпайды. Кәсіпкерлер құқықтарын қорғау кеңесі отырысының нәтижесінде Бостандық ауданының прокуратурасы салық берешегін өтеу туралы ескертпені және берешекті мәжбүрлі түрде өндіру шараларын алып тастады. Бұл жағдай осыған ұқсас көптеген жайттарды шешуге түрткі болды.

Әкімдік қарызын қалай төледі?

«Алматықалақұрылыс» АҚ бір жыл бойы Құрылыс басқармасынан атқарған жұмысының ақысын ала алмаған. Компания 68 пәтерді толықтай бітіріп өткізіп, Түркісіб ауданындағы көп пәтерлі үйге барлық инженерлік-коммуникациялық желілерді жүргізген. 2016 жылдың ақпан айында оған жалдамалы тұрғын-үй кезегінде тұрғандар қонатынын үлгерді. Бұл құрылыс «Өңірлерді дамыту-2020» бағдарлама аясында жүргізілген еді.

Бірақ, соның өзінде Алматы қаласы Құрылыс басқармасы құрылысты жүргізген компанияға 172 млн теңге көлемінді соманы төлеуге асықпаған. «Алматықалақұрылыс» көпсалалы акционерлік компаниясының басшылығы қалалық прокуратураға, ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетіне, ҚР Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетіне, тіпті Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысына шағымданған. Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасы бұл мәселені Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі кеңестің қарауына шығарды. Палата заңгерлері жүргізген жұмыстардан соң, әкімдік «Алматықалақұрылыс» ҚАҚ» АҚ алдындағы барлық қарызын, яғни 172 782 573 теңгені төледі.

Мемсатудағы дау

Алматы қаласы қаржылық бақылау басқармасы автомобиль жолдары басқармасы мен «АЛОНС» құрылыс фирмасына қатысты сотқа талап арыз түсірді. Қаржылық бақылау инспекциясы мемлекеттік мекеме мен ЖШС-ны тендерді өткізу ережелерін бұзды деп айыптап, мемлекеттік сатып алулар туралы келісімшартты жарамсыз деп тануды және оны одан ары қарай орындауға тыйым салуды талап еткен.

Мәселенің мәні 1 889 480 312 теңгеде еді. Өз дәйектерін растау үшін, қаржылық бақылау басқармасы автомобиль жолдары басқармасына жоспардан тыс тексеру жүргізеді. Нәтижесінде, «АЛОНС» фирмасының атқару өндірісі бойынша борышкерлер тізілімінде тұрғанын көрсетіп, тендерге қатысуға жіберілуі мүмкін емес екенін алға тартқан. Кейін анықталғандай, «АЛОНС» ЖШС-ның жүргізушісіне жол жүру ережесін бұзғаны үшін 9 мың теңге мөлшерінде айыппұл салыныпты. Алайда сот қарауы кезінде қарыз өтеліп қойған еді.

Алматы Кәсіпкерлер палатасының сарапшылары серіктестік мүддесін қорғауды қолға алды. Сотта конкурсқа қатысу хаттамасы 2015 жылдың 29 қазанында толтырылғаны дәлелденді. Ал жол жүру ережесіне бола салынған айыппұл үшін, «АЛОНС» фирмасы борышкерлердің бірыңғай тізіліміне 2015 жылдың 10 қарашасы күні енгізілген еді. Соған сәйкес, автомобиль жолдары басқармасының ЖШС-ны электронды конкурсқа жібермеуге негізі болмаған. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты қаржылық бақылау басқармасының талап арызының күшін жою туралы қаулы шығарды.

Заңсыз тексеру кезінде ұсталды

Алмалы ауданы әкімдігінің қызметкерлері «Достар» көпфункционалды компаниясы» ЖШС тексеруге барған. Алайда бақылаушылардың қолында тексеруді тағайындау туралы акті де, құқықтық статистика органдарында тіркелгендігі туралы құжат та болмаған.

Компания қызметкерлерінің тексеруді тағайындау туралы актісінің немесе үйғарымының көшірмесін беру туралы өтініштерін лауазымды тұлғалар орындамаған. Палата сарапшылары серіктестікке Алмалы ауданының прокуратурасына телефон шалып, мобильді топты шақыру туралы кеңес берді. Прокуратура қызметкерлері көп күттіре қойған жоқ. Нәтижесінде бақылаушылардың өздерін жауапқа алды. Әкімдік өкілдері ешқандай құжат көрсете алған жоқ. Олар әкімнің кәсіпкерлердің заңсыз орналастырған жарнамалары мен билбордтарынын бар-жоқтығын тексеру туралы ауызша нұсқауы негізінде тексеріс жүргізіп жатқандарын айтып ақталған.

Ауданаралық әкімшілік сотының қаулысымен әкімдіктің бір қызметкері жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру тәртібін бұзғаны үшін жауапқа тартылып, 40 АЕК, яғни 84 840 теңге көлемінде айыппұл төлейтін болды.

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

10 мыңнан аса кәсіпкерді қаржыландырды

2016 жылы «Даму» қорының бағдарламалары бойынша 10 186 жоба қаржыландырылған. Олардың жалпы құны 650 млрд теңгені құрайды.

фото: kz.kz

Екінші деңгейлі банктер арқылы жеңілдікпен несие беру бағдарламасы бойынша өткен жылы жалпы құны 336 млрд теңгені құрайтын 7 053 жоба қолдау алған.

2016 жылы 282 млрд теңгенің 2 029 жобасы несиенің сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау тетігін пайдаланды.

Сондай-ақ, былтыр 32 млрд теңгенің 1104 жобасы кепілзат жетіспегендіктен несиеге кепілдеме беру құралын пайдаланды.

«Даму» қорының жаңа бағдарламаларының ішінде микроқаржыландыру бағдарламасы кең танымал. 2016 жылы 333 кәсіпкер 502,3 млн теңге мөлшерінде микронесие алған. Оның ішінде көтерме және бөлшек сауда, көлік және мотоцикл жөндеу саласы бойынша 286 жоба бар. Шағын несие алуға негізінен «KMF» ЖШС бойынша көп сұраныс түседі. Бұл ұйым арқылы 291 жоба тіркелген. «Даму» қорының кәсіпкерлерін микронесиемен қамтамасыз етуде екінші орында «Арнур Кредит» МҚҰ ЖШС тұр. Олардың үлесінде 37 жоба бар. «Тойота Файнаншиал Сервисез Казахстан» ЖШС микроқаржылық ұйымы секілді қордың тағы бір әріптесі кәсіпкерлерге 5 несие берген.

«Даму Блиц» технологиясы бойынша («Даму» қорының бағдарламалары бойынша екінші деңгейлі банктерден алынатын «жылдам несие») 2016 жылы 79 кәсіпкер 1,083 млрд теңге несие алған.

«Даму Оптима» бағдарламасы бойынша («Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының мақсатты аясына кірмейтін, сауда, қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру секілді салаларға арналған. Сондай-ақ «Даму Оптима» бағдарламасы кепілзаты жетіспеген кәсіпкерлерге қордың кепілдемесін пайдаланып, банктен несие алуға да мүмкіндік береді) 2016 жылы 28 жоба 567 млн теңгенің несиесіне қол жеткізген. Кепілдемелердің жалпы құны – 172 млн теңге.

2016 жылы 12 жоба «Даму» қорының бағдарламасы бойынша франшиза аша алды. Бұл бойынша несие сомасы 516 млн теңгені құрады. Франшизалар кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет, көтерме және бөлшек сауда, көлік және мотоцикл жөндеу, білім беру секілді көптеген сала бойынша ашылды.

Кәсіпкер қоқыстан пайда тауып жүр

Петропавлдық кәсіпкер тұрмыстық қалдықтарды ақшаға айналдырды. Қайыржан Айсин «Даму» қоры арқылы 20 млн теңге несие алып, полигоннан сұрыптау станциясын ашты.

Бұл – әзірге пилоттық жоба. Шағын өндірісте 14 адам жұмыс істейді. Олар күл-қоқысты іріктеп, бөлек-бөлек жинап қояды. Дайын шикізат Алматы, Петропавл қалаларының қайта өңдеу кәсіпорындарына жөнелтіледі.

Іскер азаматтың айтуынша, қала маңындағы полигонға күніне 100 тоннадай қоқыс тасталады екен. Енді ол тағы бір желіні іске қосып, кәсібін кеңейтуді көздеп отыр.

«Біз сұрыптау станцияларын Солтүстік Қазақстан облысы бойынша салуды жоспарлап отырмыз. Бұл өндіріс көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта қоқысты қайта өңдеуге де көшеміз», – дейді кәсіпкер Қайыржан Айсин.

фото: tomuseum.kz

жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар жаңалықтар

Әкімшілік кедергілер әлі де көп

Бүгінгі таңда отандық сауда саласы АҚШ, Германия, Англия, Жапония, Түркия секілді батыс елдерінен көп кейін қалып отыр. Қажет болса Кедендік одақ аясындағы серіктес мемлекеттердің өздері бізден көш-ілгері алға кетіп отыр. Бұл туралы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасында өткен сауда саттықты дамыту жөніндегі жаңа бағдарламаны таныстыру барысында Қазақстанның сауда кәсіпорындары Қауымдастығының вице-президенті Жібек Әжібаева мәлім етті.

фото: kazgazeta.kz

– Біз 2015 жылы ұлттық палатаның араласуымен арнайы сараптама жұмыстарын жүргізген болатынбыз. Сол кезде еліміздің батыс елдерінен экономикалық жағынан 25-30 жылға кейін қалып қойғаны анықталды. Тіпті, Ресейдің өзі 15 жылға алда келеді. Олар бізден көш ілгері озып кетті. Бұл, әрине, еліміздің экономикалық жағдайы өте төмен дегенді білдірмейді. Біраз шаруалар жасалып жатыр. Алайда бұл қадамдар аздық етеді. Нақты жұмыстар жасалып, алға ұмтылу керек. Қаржы бар. Алайда бұл қаржыны игеру, бизнес нысандарына жеткізу мәселесі дұрыс жолға қойылмай отыр. Шағын және орта бизнес өкілдеріне қол жетімді емес. Әкімшілік кедергілер өте көп. Яғни «кепілге қоятын затың жоқ» деген желеумен көптеген шаруалар мемлекет тарапынан бөлініп жатқан қаржыға қол жеткізе алмайды. Осындай себептермен бизнеске бөлінген қыруар қаржы толық игерілмей отыр, – дейді Жібек Әжібаева.

Сондай-ақ, ол осындай кедергілерді жою мақсатында Ауылшаруашылық министрлігі көтерме-тарту орталықтарын құру туралы бастама көтеріп отырғанын атап өтті. Бұл жоба іске асырылса, шағын және орта кәсіп пен өңірлердегі қанатқақты жобаларға қолдау күшейтілетін болады. Шаруа мен сатушылар арасында ортақ мәміле күшейіп, сауда-саттық байланыс артады.

«Бүгінде осы бастамамыз жан-жақты зерттеліп жатыр. Артықшылықтары мен өңірлерге қолжетімділігін дәлелдеп, жобасын ұсынып та қойдық. Өкішке қарай бұл жоба қолдау таппай отыр. Ауыл шаруашылығы мен Ұлттық экономика министрлігінің ортақ мәмілеге келе алмай отыр. Биыл іске асады деп үміттенеміз. Осы кедергілерді жоймай, отандық бизнес алға жылжымайды», – дейді ол.

Жыинда, сонымен қатар, отандық экономиканың аяғына тұсау болып отырған бірқатар жайттар сөз болды. Мәселен, қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда сауда нысандарын қолдаудың нақты шаралары қарастырылмаған. Қала мен ауылды жерлер арасындағы тауар бағасының айырмасы да көп дүниеге кедергі болуда.

– Осындай жайттардың кесірінен отандық тауар өндірушілер мен кәсіпорындар ғаламдық бәсекеге қауқарсыз болып отыр. Мұндай қиындықтан шығу үшін шағын және орта бизнеске арналған несиенің бір бөлігін субсидиялауды қолға алып, екінші деңгейлі банктер мен Даму банкі арасындағы несиелік шартарға кепілдік беруді қолға алған жөн. Отандық өнімдерге қолдауды арттыру керек, – дейді «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Сауда комитетінің төрағасы Қайрат Мәжібаев.

Сондай-ақ, дөңгелек үстелде шетелден қыруар қаржыға кеңесушілер шақырту, желілі маркетинг құру арқылы салықтан жалтарып отырған алаяқ компаниялар, үлкен сауда орындарында отандық тауар өндірушілер емес шетелдік кәсіпорын өнімдеріне басымдық берілу секілді түйткілді мәселелер сөз болды.